

## **Балалардың республикалық өнер фестивалін (театр) өткізу туралы қорытынды ақпарат**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мен «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК арасында жасалған 2015 жылғы 6 сәуірдегі № 168 шартты орындауда, Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Балалардың республикалық өнер фестивалін (театр) 2015 жылғы 9-10 сәуірде Астана қаласында өткізді.

Байқау өскелең ұрпаққа рухани-адамгершілік, эстетикалық тәрбие беру, тұлғаны үйлесімді дамыту, өз ойын білдіруге бірегей қабілеттерін қалыптастыру және дамыту, әлемді эстетикалық және бейнелі түрде қабылдау факторы ретінде балалар театры шығармашылығын қолдау және дамыту мақсатында ұйымдастырылды.

Байқау балалар шығармашылығы бірлестіктерінде білім беру қызметі сапасын арттыруға, сахна мәдениеті мен шеберлігінің жоғары деңгейіне жеткен дарынды орындаушылар мен кәсіпқой педагогтер, балалар мен жастардың театр ұжымдарын ұйымдастырушылар арасында балалар театр ұжымын анықтауға, балалардың жана театр ұжымдарын құруға ынталандыру, балалардың бос уақытын сапалы ұйымдастыруға ықпал ету, балалардың театр ұжымдары арасында шығармашылық байланыс, тәжірибе алмасу үшін жағдай жасауға мүмкіндік берді.

Балалардың республикалық өнер фестивалінде (театр) республиканың 16 театр ұжымдары қатысты. Қатысушылардың жалпы саны – 128, оның ішінде 112 білім алушы, 16 педагог.

Фестиваль жұмысында 5 әділ қазылар мүшесі қатысты, оның ішінде 1 Қазақстан Республикасының еңбегі сіңген қайраткері, 1 Қырғызстан Республикасының еңбегі сіңген қайраткері, Қазақ Ұлттық өнер университетінің оқытушылары, Қ. Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театрының, М.Горький атындағы мемлекеттік академиялық орыс драма театрының әртістері қатысты.

Әділ қазылар Павлодар, Батыс Қазақстан, Ақмола, Қарағанды, Жамбыл облыстарының және Астана қаласының театр ұжымдары қойылымдарында қызықты репертуар, жоғары орындаушылық деңгейлерін атап өтті.

Фестивальдің салтанатты жабылуында жеңімпаздар дипломдар және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

### **Бас жүлде дипломымен марапатталды:**

1. Павлодар облысы, Екібастұз қ., «Қайнар» білім беру және бос уақытты қамту кешені, «Маска» үлгілі театр студиясы (педагогі - Л.А.Ермакова).

### **I орын:**

2. Павлодар облысы, Ақсу қаласы, Балалар шығармашылық үйі, «Миниатюра театры» театр ұжымы (педагогі - Соснова Г.М.).

### **II орын:**

1. Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Мектептен тыс жұмыс орталығы, «Радость» балалар-жасөспірімдер театрының театр ұжымы (педагогі - Мутагарова Л.К.).

2. Ақмола облысы, Астрахань ауданы, Каменка орта мектебі, «Вдохновение» театр ұжымы (педагогі - Нехайбо Н.М.).

### **III орын:**

1. Қарағанды қаласы, № 2 өнер мектебі, «Алтын шашу» театр ұжымы (педагогі - Тришин Д.С.).

2. Астана қ., № 2 өнер мектебі, «Шабыт» театр ұжымы (педагогі - Бірімқұлов Е.Р.).

3. Жамбыл облысы, Меркі ауданы, Меркі ауылы, «Үміт» балалар мен жасөспірімдер сарайы, «Айгөлек» театр ұжымы (педагогі - Әлімқұлова А.А.).

### **Номинация бойынша жеңімпаздар дипломдар және сыйлықтармен марапатталды:**

1. «Үздік ер рөлі» - Мосин Виталий (педагогі - Тришин Д.С.), Қарағанды қаласы, № 2 өнер мектебі.

2. «Үздік әйел рөлі» - Жақыпова Аршат (педагогі - Таубатарова М.Т.), Ақтөбе қаласы, қалалық оқушылар сарайы.

3. «Екінші пландағы үздік рөл» Бекжанов Мухаммад (педагогі - Ауесбаев Е.С.), Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент қаласы, Балалар мен жасөспірімдер орталығы.

4. «Үздік актер бейнесі» - Қасымханова Айдана (педагогі - Кенжебаева Л.С.), Шығыс Қазақстан облысы, Семей қаласы, Балалар мен жастардың шығармашылық сарайы.

5. «Үздік сахналық костюм» - Реимбаев Нұржас (педагогі - Абенов У. Ж.), Астана қаласы, Оқушылар сарайы.

6. «Үздік хореография» - Л.Р.Ким, Докучаево орта мектебінің педагогі, Докучаево ауылы, Алтынсарин ауданы, Қостанай облысы.

### **Фестиваль жеңімпаздарын дайындаған педагогтер алғыс хаттармен марапатталды:**

1. Ермакова Любовь Александровна – Павлодар облысы, Екібастұз қ., «Қайнар» білім беру және бос уақытты қамту кешені, «Маска» үлгілі театр студиясының жетекшісі.

2. Соснова Галина Михайловна – Павлодар облысы, Ақсу қ., Балалар шығармашылық үйі, «Миниатюр театры» театр ұжымының жетекшісі.

3. Мутагарова Любовь Константиновна – Батыс Қазақстан облысы, Орал қ., Мектептен тыс жұмыс орталығы, «Радость» балалар-жасөспірімдер театры театр ұжымының жетекшісі.

4. Нехайбо Нина Мамедовна – Ақмола облысы, Астрахань ауданы, Каменка орта мектебі, «Вдохновение» театр ұжымының жетекшісі.

5. Тришин Дмитрий Сергеевич – Қарағанды қ., № 2 өнер мектебі, «Алтын шашу» театр ұжымының жетекшісі.

6. Астана қаласы, № 2 өнер мектебі, «Шабыт» театр ұжымы (жетекшісі - Бірімқұлов Е.Р.).

7. Жамбыл облысы, Меркі ауданы, Меркі ауылы, «Үміт» балалар мен жасөспірімдер сарайы, «Айгөлек» театр ұжымы (жетекшісі - Әлімқұлова А.А.).

**Театр ұжымдары жетекшілерінің арасында номинация жеңімпаздары анықталды:**

1. «Үздік сахналық композиция, сценарий әзірлемесі» номинациясы - Скендерова А.М. (Атырау облысы, Атырау қ., Н. Тілендиев атындағы Кіші өнер академиясының театр ұжымы).

2. «Үздік режиссерлік қойылымдық жұмыс» номинациясы – Пугач Н.В. (Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ., Балалар шығармашылық сарайының театр ұжымы).

3. «Үздік хореография, спектакльдің пластикалық шешімі» номинациясы - Алимқұлова А.А. (Жамбыл облысы, Меркі ауданы, Меркі ауылы, «Үміт» балалар мен жасөспірімдер сарайы, «Айгөлек» театр ұжымы).

4. «Спектакльді үздік музыкалық ресімдеу» – Шапкина С.К. (Алматы қ., №103 мектеп-гимназиясы, «Талисман» театр ұжымы).

5. «Спектакльді үздік көркемдік ресімдеу» – Ермакова Любовь Александровна, (Павлодар облысы, Екібастұз қ., «Қайнар» білім беру және бос уақытты қамту кешені, «Маска» үлгілі театр ұжымы).

Фестиваль барысында педагогтер мен білім алушыларға шеберлік пен тәжірибе алмасудың мектебі болған Қазақ Ұлттық өнер университетінің оқытушылары қойылымдық сөз, дауысты қою, сахналық қозғалыс пен актерлік тренингтен шеберлік сыныптар өткізді.

Сонымен қатар, Балалардың республикалық өнер фестиваліне Алматы, Қызылорда және Солтүстік Қазақстан облыстарының театр ұжымдары қатыспағанын атап өту керек.